

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ
Экономика және құқық факультеті
Қылмыстық және азаматтық құқық және процесс кафедрасы**

А.Ш. Майсатаева

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ ПӘНІ БОЙЫНША
КЕСТЕ - СЫЗБА АЛЬБОМЫ**

ОҚУ – ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ



Қостанай, 2024

ӘОЖ	347.963(574)
КБЖ	67.72(5Каз)
М 14	

Автор:

Майсатаева Айнұр Шамшитденовна, аға оқытушы, заң ғылымының магистрі

Рецензенттер:

Шнарбаев Б.К. - з.ғ.д., қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

Байзакова Г.М. - з.ғ.к., Құқық кафедрасының доценті, Челябин Мемлекеттік Университеті Қостанай филиалы,

Мизанбаев А.Е. - д.ғ.к., Қылмыстық және азаматтық құқық және іс жүргізу кафедрасының профессоры, А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

Майсатаева А.Ш.

М 14 Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау пәні бойынша кесте-сызба альбомы: Оқу - әдістемелік құрал – Қостанай: А. Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, 2024. – 70 бет.

ISBN 978-601-356-351-9

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» оқу - әдістемелік құралына осы тақырыпты ашуға арналған тақырыптары, оларды жақсы түсінуге арналған қосымшалар, пайдаланылған дереккөздер тізімі кіреді.

Оқу - әдістемелік құрал жоғарғы заң оқу орындарына арналған «Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсының үлгілік бағдарламасының негізгі тарауларына сай дайындалған және прокурорлық қадағалау теориясы мен тәжірибесін суреттейтін кешенді зерттеу жұмысынан тұрады.

Кесте-сызба альбомы заң мамандығы бойынша оқитын студенттерге, оқытушылар, магистранттар және заңгерлерге арналған.

ӘОЖ 347.963(574)

КБЖ 67.72(5Каз)

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті оқу-әдістемелік кеңесі бекіткен және басылымға ұсынған 27.03.2024 ж., № 2 хаттама

ISBN 978-601-356-351-9

©А.Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті, 2024
© Майсатаева А.Ш., 2024

Мазмұны

	Кіріспе	4
1	Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалаудың мәні мен міндеттері.	5
2	ҚР прокуратура органдарының қалыптаса бастауы, дамуы және құқықтық негіздері және жалпы ережелері...	10
3	Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің қағидаттары.....	13
4	Прокуратура органдарының жүйесі, құрылымы және оларды ұйымдастыру.....	14
5	Прокурордың құқықтық актілері.....	30
6	Адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар және мемлекет мүдделерін сақтаудағы прокурорлық қадағалау.....	39
7	Жедел- іздестіру қызметінің заңдылығына прокурорлық қадағалау.....	41
8	Тергеу мен анықтау қызметінің заңдылығына прокурорлық қадағалау.....	44
9	Сотта мемлекеттің мүддесін білдіру.....	56
10	Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына қадағалау.....	64
	Қолданылған дереккөздер тізімі.....	70

Кіріспе

Қазақстан Республикасында Прокурорлық қадағалау заңды нақты және біркелкі орындау республикадағы құқық тәртібін және заңдылықты нығайту бойынша міндеттердің табысты орындалуын, әлеуметтік әділдік қағидаларын іске асыруын қамтамасыз ететін мемлекеттік қызметтің дербес түрлерінің бірі болып қарастырылады.

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсы ең маңызды құқықтық пәндердің бірі, оны оқу өте қажет, өйткені бұл курстың аясында Қазақстан Республикасының прокуратура органдары ұйымдастырылуының, қызметінің және өкілеттілігінің мәселелері қарастырылады.

Бұл кесте - сызба альбомда Қазақстан Республикасында прокурорлық қадағалау қатынастарына байланысты барлық тақырыптар шоғырланған.

Атап айтар болсақ, прокуратура органдарының түсінігі, мәні, міндеттері, даму тарихын зерттеу мәселелері, прокуратураның ұйымдастырылуы мен қызметі туралы қағидалар, прокуратура жүйесі мен құрылысы, прокурорларға қойылатын талаптар және прокурорларды қалыптастыру тәртіптері, прокуратураның құқық қорғау органдарының қылмыспен күрес, оның алдын алудағы, заңдылық пен тәртіптің нығаюына бағытталған жұмыстарын үйлестіру міндетін атқаруы; халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарының қызметі мен өкілеттігі; мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдылықты қадағалауды жүзеге асыру қызметі сияқты ауқымды тақырыптарды қамтыған.

Прокуратура органдарының ұйымдастырылуы және қызметі біріншіден Конституцияның ережелеріне негізделеді және Қылмыстық процесс, Азаматтық процесс, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерімен, «Прокуратура туралы» Конституциялық Заңымен, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрықтары мен нұсқаулықтарымен және т.б. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен сонымен қатар, оқулықтар және басқада басылымдар негізінде құрастырылған.

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» пәнін игеруге арналған бұл оқу-әдістемелік құрал заңгерлер дайындайтын жоғары оқу орнының студенттеріне арналып, олардың осы пәнді тез, толық игеруіне, емтихандарға, сынақтарға дайындалуларына, өз беттерімен жұмыс істеулеріне қолайлы болуын ескере отырып жасалынған.

Аталған кесте - сызба альбом нысанындағы оқу-әдістемелік құрал заң мамандығы бойынша оқитын студенттерге, оқытушылар, магистранттар және заңгерлерге арналған.

Оқулықта пәнді оқыту жоспарына сай тақырыптар топтастырылып, тарауларға бөлінген.

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсының табысты меңгерудің шарттарының бірі - жоғары оқу орындарының бағдарламасына сай, студенттермен өткізілетін өндірістік тәжірибенің дұрыс ұйымдастырылуы.


1 Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалаудың мәні мен міндеттері.




ҚР Конституциясының 83 б. сәйкес «Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Республика Прокуратурасы төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Республика Президентіне ғана есеп береді».

ҚР прокурорлық қадағалаудың мәні



Прокуратураның мақсаты



Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің қағидаттары

1. Прокуратура төмен тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынатын бірыңғай орталықтандырылған жүйені құрайды.


2. Прокуратура өз өкілеттіктерін заңдылық, басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз болу және Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп беру қағидаттарында жүзеге асырады.

3. Прокуратура органдары өз функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде олардың қызметіне араласуға тыйым салынады.

4. Прокуратура кәсіпкерлік субъектілерінің, ұйымдардың және мемлекеттік органдардың қызметіне араласуға, олардың қызметіне тексеріс тағайындауға, заңда көзделмеген негіздер бойынша ақпарат не құжаттар сұратуға құқылы емес.

5. Прокуратура органдары адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы, мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтау туралы заңнама талаптарына қайшы келмейтіндей деңгейде жария әрекет етеді.

Прокуратураның міндеттері



Прокуратура қызметінің құқықтық негіздері



Прокуратураның құзыреті, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі



Конституцияда



заңда айқындалады

Прокуратураның міндеттері

заңдылықты
бұзуды

оларға ықпал
ететін себептер
мен
жағдайларды

сондай-ақ олардың
зардабын анықтауды
және жоюды жүзеге
асырады

құқық қорғау органдарының
өзге де мемлекеттік
органдардың заңдылықты

құқық тәртібін және
қылмысқа қарсы күресті
қамтамасыз ету жөніндегі
қызметін үйлестіруді жүзеге
асырады

Заңда және Қазақстан
Республикасы Президентінің
актілерінде айқындалған

өзге де міндеттерді жүзеге
асырады

2 ҚР прокуратура органдарының қалыптаса бастауы, дамуы және құқықтық негіздері және жалпы ережелері.

Прокурорлық қадағалаудың негізгі бағыттары



Прокурорлық қадағалаудың негізгі бағыттары

4) құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың:

сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел іздестіру және қарсы барлау қызметі

заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады.

қылмыстық жазаларды орындау және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтау салаларындағы қызметінің

заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады.

5) мемлекеттік құқықтық статистиканың және арнайы есепке алудың заңдылығын;

б) заңда айқындалатын өзге де бағыттар бойынша

заңдылықты қадағалауды жүзеге асырады.

Қостанай облысы прокуратурасының тарихы

Прокуратура органдарының қалыптасуы

Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының Бүкілресейлік Орталық атқарушы комитеті Президиумының 1936 жылғы 29 шілдедегі Қостанай облысын құру туралы шешімі

1936 жылдың қыркүйегінде облыс орталығында билік органдарын, оның ішінде Қостанай облысының прокуратурасын орналастыру, жинақтау және ұйымдық ресімдеу басталды, ол өз қызметін 1936 жылғы 25 қазанда бастады

Облыстың бірінші прокуроры болып Александр Иванович Харитонов тағайындалды

1936 жылдан 1945 жылға дейінгі 10 жылда облыс прокуратурасын А.И. Харитонов, И.Д. Зеленцов, И.А. Хаярдинов, П.И. Лай басқарды

Облыс прокуратурасын 1945-1960 жылдар аралығында И.М. Мишиев, А.К. Бексұлтанов, А.И. Плаксин, Н.Б. Смағұлов және С.С. Солодченко басқарды.

1960-1991 жылдар аралығында облыс прокуратурасын: С.С. Солодченко, В.К. Белоусов, П.Г. Грачков, А.С. Ващенко, Л.Н. Иванов және Г.П. Луценко басқарды.

Тәуелсіздік кезеңінде облыс прокуратурасын Г.П. Луценко, Н.В. Белоруков, Г.Н. Ержанов, И.Ж. Бахтыбаев, Д.И. Байтұқбаев, А.Т. Аманбаев, Қ.Т. Қамзабаев, А. Кәрім, М.Ж. Қайыбжанов, Т.Қ. Сүлейменов басқарды.

3 Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметтерінің қағидаттары

Прокуратура мемлекет атынан заңда белгіленген шектерде және нысандарда Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.



Прокуратура органдарын ұйымдастыру



4 Прокуратура органдарының жүйесі, құрылымы және оларды ұйымдастыру



Прокуратура органдарының жүйесі, ҚР Бас прокуратура

Прокуратура жанынан прокуратура органдарының бірыңғай жүйесіне кіретін

ведомстволар, мекемелер, білім беру ұйымдары құрылуы мүмкін.

Құқық қорғау органдарының академиясы

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдарының академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Академия) білім беру мазмұнын және білім беру қызметін ұйымдастыруды дербес айқындайтын ерекше мәртебесі бар коммерциялық емес білім беру ұйымы болып табылады.

Құқық қорғау органдарының академиясы



Академия
Қазақстан
Республикасы
Президентінің
2015 жылғы 4
мамырдағы №15
Жарлығы
бойынша
құрылды және
келесі
міндеттерді
жүзеге асырады:

құқық қорғау
органдары
қызметкерлерінің
, оның ішінде
Президенттік
резервте тұрған
қызметкерлердің
кәсіби деңгейін
арттыру;

құқық
қорғау
қызметі
саласында
ведомствоа
ралық
ғылыми-
зерттеулерд
і үйлестіру
және
жүргізу;

жоғары оқу
орнынан
кейінгі
білім беру
бағдарлама
ларын
жүзеге
асыру.

"Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы
Заңының бекітілген прокуратура органдарының өз
нышандары бар, олардың сипаттамасын Бас Прокурор
бекіткен



Прокуратура органдарының жүйесі, ҚР Бас прокуратура

Бас Прокурорды:

1) Парламент Сенатының келісуімен Қазақстан Республикасының Президенті бес жыл мерзімге лауазымға тағайындайды;

2) Қазақстан Республикасының Президенті лауазымнан босатады;

3) ол Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді;

Бас Прокурорды:

4) қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа кезде, өз өкілеттіктері мерзімі ішінде

Парламент Сенатының келісімінсіз

ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге,

сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларына,

қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

Бас Прокурордың өкілеттіктері

1) Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, Конституцияға, заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және Республика ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келетін нормативтік және өзге де құқықтық актілерге наразылық білдіреді

2) төмен тұрған прокуратуралардың қызметіне басшылық жасайды;

3) Бас прокуратура жанындағы Заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің төрағасы болып табылады;

4) прокуратура органдарының, ведомстволарының, мекемелерінің және білім беру ұйымының барлық қызметкерлері мен жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады;

5) Бас Прокурордың заңнамалық актілерде және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде тікелей көзделген өкілеттіктерін қоспағанда, прокуратура органдарының жүйесінде өз өкілеттіктерін беретін лауазымды адамдарды айқындайды;

б) өз құзыреті
шегінде:

қылмыстық-процестік заңнама, жедел-
ізвестіру қызметі туралы заңнама
нормаларын қолдану мәселелері бойынша;

құқықтық статистиканың барлық субъектілері үшін
міндетті құқықтық статистика және арнайы есепке алу
мәселелері бойынша;

құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге
де органдардың ақпарат алмасу жүйесінде мәліметтерді
қалыптастыру, оларға қол жеткізу, оларды пайдалану, сақтау,
қорғау және жою мәселелері бойынша нормативтік құқықтық
актілер қабылдайды

7) заңда көзделген жағдайларда сотқа дейінгі тергеп-тексеру,
жедел-ізвестіру және қарсы барлау қызметінің мәселелері
бойынша нормативтік құқықтық актілерге ұсыныстар
енгізеді;

8) Қазақстан Республикасының Президентіне прокуратура
ережесін, құрылымын және жалпы штат санын бекіту туралы
ұсыныстар енгізеді;

9) облыстардың, аудандардың прокуратуралары, оларға
теңестірілген прокуратуралар, прокуратура мекемелері мен
білім беру ұйымының ережесін (жарғысын) бекітеді;

10) Қазақстан Республикасының Президентіне прокуратура ведомстволары мен білім беру ұйымы басшыларын лауазымға тағайындау және лауазымнан босату туралы ұсыныс енгізеді;

11) Қазақстан Республикасы Президентінің келісуімен облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорларды лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

12) еңбек қатынастары мәселелері заңға сәйкес жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда,

мекемелер басшыларын, ведомстволар, мекемелер және білім беру ұйымы басшыларының орынбасарларын,

облыстар прокурорларының және оларға теңестірілген прокурорлардың орынбасарларын,

сондай-ақ аудандардың прокурорларын және оларға теңестірілген прокурорларды лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

Аталған адамдарды лауазымға тағайындау кезінде оларға үш айға дейінгі мерзімге сынақ мерзімін белгілеуге құқылы;

13) Қазақстан Республикасының Президентіне жоғары басшы құрамның сыныптық шендері мен жоғары офицерлік құрамның әскери атақтарын беру үшін кандидатуралар ұсынады;

14) құқық қорғау қызметі туралы заңнамада белгіленген тәртіппен прокуратура органдарының қызметкерлеріне сыныптық шендер мен әскери атақтар береді;

15) Қазақстан Республикасының Президенті алдында елдегі заңдылықтың жай-күйі және прокуратура органдарының қызметі туралы есеп береді;

16) прокуратура органдарының қызметкерлері мен жұмыскерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға және құрметті атақтарын беруге ұсынады, ведомстволық наградалармен наградтайды;

17) прокуратура органдарында, ведомстволарында, мекемелерінде және білім беру ұйымында қаруды, оқ-дәріні және арнайы құралдарды алу, есепке алу, сақтау, алып жүру, беру, тасымалдау тәртібін айқындайды;

18) өзіне заңмен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бас прокуратура



1) облыстық, аудандық және оларға теңестірілген өзге де прокуратуралардың қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағынысты қызметкерлер мен жұмыскерлер үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады;

3) Заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі тиісті үйлестіру кеңестерін басқарады.

Аудандық және оларға теңестірілген өзге де прокурорлар мен прокуратуралар

1. Аудандық және оларға теңестірілген прокуратураларды Бас Прокурор тағайындайтын тиісті прокурорлар басқарады.

2. Аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар:

1) аудандық және оларға теңестірілген өзге де прокуратуралардың қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағынысты қызметкерлер мен жұмыскерлер үшін міндетті өкімдер шығарады.

Төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға
бағыныстылығы

1) жоғары тұрған прокурорлардың ұйымдастыру және қызмет мәселелері жөніндегі нұсқауларының төмен тұрған прокуратуралар үшін міндеттілігін;

2) төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорлар алдында қызметтік міндеттерін орындауы үшін жауаптылығын;

3) жоғары тұрған прокурорлардың қажет болған жағдайларда төмен тұрған прокурорлардың өкілеттіктерін жүзеге асыруын;

4) жоғары тұрған прокурорлардың төмен тұрған прокурорлар актілерінің күшін жоюын, қайтарып алуын, тоқтата тұруын немесе өзгертуін;

5) төмен тұрған прокурорлардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне жасалған шағымдарды жоғары тұрған прокурорлардың шешуін қамтиды.

2. Бас Прокурор осы Заңда белгіленген тәртіппен төмен тұрған прокурорлар бағыныстылығының өзге де нысандарын белгілеуі мүмкін.

Прокуратура органдарындағы алқалар

1. Бас прокуратура, ведомстволар, облыстардың прокуратуралары мен оларға теңестірілген прокуратуралар алқаларын құру туралы шешімді Бас Прокурор қабылдайды.

2. Алқа отырыстарында прокуратура органдары қызметінің мәселелері, сондай-ақ Бас Прокурордың, ведомство басшысының, облыс прокурорының немесе оған теңестірілген прокурордың ұйғаруы бойынша мүдделі адамдардың қатысуымен алқалы түрде қарауды талап ететін, заңдылықты анықталған бұзушылықтармен байланысты өзге де мәселелер қаралады.



3. Алқа шешімдері оның мүшелерінің жалпы санының көпшілігінің даусымен қабылданады және прокуратура органдарының бағынысты қызметкерлері мен жұмыскерлері үшін міндетті болып табылады.

4. Бас прокуратурадағы, ведомстволардағы, облыстар прокуратураларындағы және оларға теңестірілген прокуратуралардағы алқа жұмысының регламенті мен оның құрамын олардың бірінші басшылары айқындайды.

Мамандандырылған прокуратуралар

әскери

Әскери прокуратуралар өз құзыреттері шегінде қызметін әскери міндеттерін өтеп жүрген азаматтардың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарының сақталуына, әскери құрылымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыра отырып, әскери тәртіптің нығаюына бағыттайды.

Сонымен бірге, өз қызметі арқылы әскери мекемелердің лауазымды иелерінің, барлық әскери қызметкерлердің, әскерге шақырылған азаматтардың ҚР Конституциясын, Заңдарын, әскери устав пен әскери антты бұлжытпай орындауға ықпал етеді

әскери


әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады

Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуратурасының мәртебесі облыс прокуратурасының мәртебесіне теңеседі. Бас әскери прокуратураның Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары мен облыстарда аумақтық бөлімшелері – аймақтар, гарнизондар және оларға теңестірілген әскери прокуратуралары бар

әскери

Әскери прокуратуралар өз құзыреттері шегінде қызметін әскери міндеттерін өтеп жүрген азаматтардың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарының сақталуына, әскери құрылымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыра отырып, әскери тәртіптің нығаюына бағыттайды.

Сонымен бірге, өз қызметі арқылы әскери мекемелердің лауазымды иелерінің, барлық әскери қызметкерлердің, әскерге шақырылған азаматтардың ҚР Конституциясын, Заңдарын, әскери устав пен әскери антты бұлжытпай орындауға ықпал етеді



Мамандандырылған прокуратуралар

көлік

Бас көлік прокуратурасы да заң үстемдігін қамтамасыз ету, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту мүддесіне мемлекет атынан іс-әрекет жасайды.

Оның негізгі мақсаты мемлекеттік биліктің орталық аппараты мен басқармаларының, меншік нысанына қарамастан шаруашылық субъектілерінің көлік саласындағы заңдардың (теміржол, автомобиль, ішкі су, әуе, қалалық электр, оның ішінде метро, құбыр магистралдары) дәлме-дәл, біркелкі қолданылуының заңдылығына қадағалау жасау.

көлік

Көлік прокуратуралары теміржол басқармасының құрылымына және көліктер жүйесіне сәйкес, сондай-ақ көліктегі ішкі істер құрылымы есебінен ұйымдастырылады.

ҚР прокуратура органдарының жүйесінде облыстық прокуратуралар құқысында: Оңтүстік-Шығыс, Орталық және Батыс Қазақстан аймақтық көлік прокуратуралары жұмыс істейді.



Мамандандырылған прокуратуралар

Табиғатты қорғау және арнайы объектілерді қорғау прокуратуралары аудандық прокуратура мәртебесіне ие және барлық прокуратуралар сияқты өздері қадағалау жасайтын объектілерде заңдар мен заң актілерінің қолданылуына жоғары қадағалау жасай отырып, адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, мемлекет мүддесінің сақталуын, заңдылықтың үстемдігін орнықтыру



Мамандандырылған прокуратуралар аумақтық прокуратураларды алмастырмайды, қажеттілігіне қарай олар бір-бірінің қызметін толықтырады. Анықталған заңсыздықтар туралы мәліметтер алмасу арқылы әр прокуратура өз өкілеттігін қолданады.

5 Прокуратура актілері



Прокуратура актілерінің жүйесі



Прокуратура актілерінің жүйесін мыналар құрайды:

прокурорлық қадағалау актілері:

наразылық

санкция

нұсқау

ұсыну

қаулы

прокурорлық ден қою актілері:

өтінішхат

арыз (талап қою)

жолданым

түсіндірме

прокуратура органдарын ұйымдастыру және олардың қызметі мәселелерін реттейтін актілер:

бұйрықтар

өкімдер

нұсқаулықтар

ережелер

регламенттер

Наразылық

Прокурор Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін заңды күшіне енген актілерге, мемлекеттік органдардың, мекемелердің, ұйымдардың, лауазымды және өзге де уәкілетті адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) наразылық келтіреді.

Наразылық заңсыз акт, шешім қабылдаған мемлекеттік органға, мекемеге, ұйымға, лауазымды немесе өзге де уәкілетті адамға немесе жоғары тұрған органға не жоғары тұрған лауазымды адамға келтіріледі. Мемлекеттік органның, мекеменің, ұйымның, лауазымды немесе өзге де уәкілетті адамның заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) наразылық осындай тәртіппен білдіріледі.

Прокурордың наразылығы күнтізбелік он күн ішінде тиісті органның немесе лауазымды адамның қарауына жатады.

Прокурор наразылық бойынша шешім дайындау және қабылдау қажеттілігіне қарай оны қараудың өзге де мерзімін, бірақ үш жұмыс күнінен кем болмайтын мерзім белгілеуге құқылы.

Наразылықты қарау нәтижелері туралы прокурорға жазбаша нысанда дереу хабарланады. Наразылық қаралғанға дейін оны келтірген не жоғары тұрған прокурор кері қайтарып алуы мүмкін.

Наразылықта прокурор заңсыз актінің күшін жоюды не оны Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келтіруді, сондай-ақ лауазымды адамның заңсыз әрекетін (әрекетсіздігін) тоқтатуды және бұзылған құқықты қалпына келтіруді талап етеді.

Наразылық

Наразылық бойынша шешім қабылданғанға дейін Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасарлары, әскери және көлік прокуратуралары органдарының басшылары, облыстық және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокурорлар, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокурорлар наразылық білдірілген актінің не әрекеттің орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Жоғары аудиторлық палатаның актілері (жүргізілген тексеру қорытындылары бойынша) прокурорлардың наразылық білдіруіне жатпайды.

Заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіру, сондай-ақ олардың орындалуын тоқтата тұру негіздері, тәртібі, мерзімдері Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында айқындалады.

Санкция (келісім)


Прокурор заңда белгіленген жағдайларда құқықты шектейтін сипаттағы жекелеген әрекеттерді жасауға, заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді алуға санкция (келісім) береді.

Санкцияны (келісімді) не оны беруден бас тартуды прокурор санкция (келісім) сұратуға негіз болған материалдар зерделенгеннен кейін лауазымды адамның қаулысына бұрыштама және қол қойып ресімдейді.

Санкция (келісім) беруден бас тартылған жағдайда оның себептері мен негіздері көрсетіледі.

Заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді алуға байланысты жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін қоспағанда, санкция (келісім) Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес электрондық цифрлық қолтаңба арқылы да куәландырылуы мүмкін.





Қаулы

Прокурор:

1) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген жағдайларда;

2) тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы;

3) жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу туралы;

4) жедел-іздестіру іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін тоқтату туралы;
5) актінің қолданысын тоқтата тұру туралы;

6) заңдылықтың сақталуын тексеруді жүргізу туралы;

Қаулы

Прокурор:

7) мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ олардың лауазымды және өзге де адамдары негізсіз жүзеге асыратын тыйым салу не шектеу сипатындағы әрекеттер мен шаралардың күшін жою туралы;

8) күзетпен ұсталатын, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан, сондай-ақ пробация қызметтерінің есебіне алынған адамдарға қатысты қылмыстық-атқару жүйесінің органдары қолданған тәртіптік жазалар мен көтермелеулердің күшін жою туралы;

9) лауазымды және өзге де адамның актісін немесе әрекетін үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтата тұру туралы;

10) сот орындаушыларының заңсыз актілерінің күшін жою туралы;

11) прокурорлық қадағалау актісін мәжбүрлеп орындату туралы;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда қаулы шығарады.

Өтінішхат

Заңды күшіне енбеген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхатты прокурор Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында,

Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізеді.

Арыз (талап қою)

Прокурор Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және негіздерде арызбен (талап қоюмен) сотқа жүгінуге құқылы.

Прокурорлық қадағалау актілері қабылданбаған не олар қараусыз қалдырылған кезде прокурор органдардың және лауазымды адамдардың актілерін, шешімдерін және әрекеттерін (әрекетсіздігін) заңсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүгінеді.

Үндеу

Бас Прокурор және оның орынбасарлары, әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдарының басшылары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар заңдылықты және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында лауазымды адамдарға, мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға үндеу жасауға құқылы.

Үндеу бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып немесе өзге де жария тәсілмен таратылады.

6 Адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар және мемлекет мүдделерін сақтаудағы прокурорлық қадағалау



Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын мүдделерін қорғау және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру мақсатында прокуратура:

1) мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, мекемелермен, олардың лауазымды адамдарымен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен және меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдармен;

2) Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен өзара іс-қимыл жасайды және оның қызметіне жәрдем көрсетеді.

Өкілеттікті жүзеге асырған кезде прокурор мыналарға құқылы:

басшылар мен басқа лауазымды тұлғалардан заңдылық жағдай және оны қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы қажет құжаттарды, статистикалық мәліметтерді алуға;

өз құзырет шетінде прокуратураға түскен материалдардың, жүтінулердің өндірісін талап етуге;

заңнамада қарастырылған басқа да тексеру әрекеттерін орындау. Заңдылық орындалуын қадағалау бойынша прокурор өкілеттігінің екінші тобы айқындалған заң бұзушылықты және оған себепкер болған жағдайды жою және де заң бұзушылыққа кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту болып табылады.

Тексеріс нәтижелері бойынша прокурор:


наразылық елтізеді;


заңдылық бұзушылықты жою жөнінде бұйрық береді;

бұзылған заңдылықты жою жөнінде органға және лауазымды тұлғаға ұсыным береді.

7 Жедел – іздестіру қызметінің заңдылығына прокурорлық қадағалау

Жедел - іздестіру қызметі - азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті қорғау, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің қылмысты қол сұғуынан, сондай-ақ барлау-бүлдіру әрекетінен қоғам мен мемлекет қауыпсіздігін қамтамасыз ету





Жедел-ізвестіру шаралары

Жалпы

Арнаулы

Жасырын және жариялы



8 Тергеу мен анықтау қызметінің заңдылығына прокурорлық қадағалау



**Тергеу мен анықтау қызметінің заңдылығына
прокурорлық қадағалаудың міндеті болып:**

Бірден бір қылмыс ашылмай
қалмауы керек және қылмыс
жасаған бірден бір тұлға
қылмыстық жауапкершіліктен
күтылмауы керек;

Қылмыс жасады деген күдікпен
адамды ұстау, қамауға алу заңдағы
көрсетілген негізбен және
тәртіппен жүргізілуі керек;

Ешкім де заңсыз және негізсіз
қылмыстық жауапкершілікке және
басқа құқық шектеулеріне
тартылмауы керек;

Қылмыстық іс қозғаудың және
тергеудің заңмен көрсетілген
тергеу мерзімдерін сақтау болып
табылады.

ҚР ҚПК 193-бап.
Прокурордың сотқа
дейінгі тергеп-
тексеру
барысындағы
өкілеттіктері

Прокурор, сотқа
дейінгі тергеп-
тексерудің
заңдылығын
қадағалауды,
сондай-ақ
қылмыстық
қудалауды жүзеге
асыра отырып:

1) қылмыстық
құқық
бұзушылық
туралы арызды
тіркейді және оны
қылмыстық
қудалау органына
береді не өзінің іс
жүргізуіне
қабылдайды

2) қылмыстық құқық бұзушылық
туралы арызды және қылмыстық
қудалаудың бір органынан келіп
түскен, қолдағы материалдарды
тергеулігі және соттылығы
бойынша береді;

3) қылмыстық құқық
бұзушылықтар туралы
арыздарды және хабарларды
қабылдау және тіркеу кезінде
заңдылықтың сақталуын
тексереді;

Қадағалаудың негізгі міндеті қылмыстық қудалауды іске асыру кезіндегі заңдылықты қамтамасыз ету болып табылады.

- Қадағалаудың басым бағыттары мыналар:
- қылмыстық процесте адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- қылмыстық процеске қатысушылардың өтініштерін сапалы және уақтылы қарау;
- қылмыстық процеске қатысушыларға қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залалды өтеу құқықтарын қамтамасыз ету.

Тергеу мен анықтау қызметінің заңдылығына прокурорлық қадағалау

Қызмет бастығының жазбаша тапсырмасы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының орталық аппараттары тергейтін нақты істер бойынша қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалау облыс прокурорларына жүктеледі.



Тергеу амалдары сотқа дейінгі тергеп-тексеру орнынан едәуір алыс болғанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының орталық аппараттары тергейтін (соның ішінде электрондық форматта) процессуалдық шешімдер мен жекелеген тергеу әрекеттерінің заңдылығын БП басшылығы немесе Қызмет бастығының тапсырмалары бойынша облыс прокурорлары қадағалайды;

облыс прокуратуралары төмен тұрған прокурорлардың жұмысын ұйымдастырады, келесі істер бойынша қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды іске асырады:



Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының облыстық және оларға теңестірілген аппараттары және ОП арнайы прокурорлар басқармалары тергеп-тексеретін (соның ішінде электрондық форматта) істер; азаптау туралы; терроризм және экстремизм туралы; сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы.

Қылмыстық іс облыс прокуратурасы орналасқан жерден алыс тергеп-тексерілетін болса,

Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры, облыстардың прокурорларының жазбаша тапсырмасы бойынша

Қала аудан прокурорлары сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының облыстық аппараттары тергеп-тексеретін (соның ішінде электрондық форматтағы) нақты істер бойынша қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалау жүктеледі.

Бас әскери прокуратура ҚР Қарулы Күштеріндегі әскери қызметшілер, әскерге шақыру немесе келісім шарт бойынша қызмет етушілер;

әскери жиынды өтеу кезінде әскери міндетті азаматтар;

әскери міндеттерін өтеуге байланысты әскери бөлімдерде, құрамдарда, мекемелерде немесе осы бөлімдердің, құрамдардың, мекемелердің орналасқан орындарында азаматтық қызметші адамдар жасаған барлық істер бойынша қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады

49
Тергеу мен анықтау қызметінің заңдылығына прокурорлық
қадағалау

1) ҚР аумағында заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, Конституцияға, заңдарға, ҚРеспубликасы Президентінің актілеріне және Республика ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келетін нормативтік және өзге де құқықтық актілерге наразылық білдіреді

2) төмен тұрған прокуратуралардың қызметіне басшылық жасайды;

3) Бас прокуратура жанындағы Заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің төрағасы болып табылады;

Бас көлік прокуратурасы

автомобиль объектілерінде, темір жол, су, әуе көлігі, метрополитен,

сондай-ақ ғарыш (халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу бөлігінде) қызметімен,

құбыр жүргізу көлігі (су құбырын қоспағанда) объектілеріндегі апаттар, кеден саласында және аталмыш салалардың мекемелері, кәсіпорындары және ұйымдарында жасалған ҚҚБ туралы істер бойынша қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын тексеруді прокурор СДТБТ-те тіркелген сәттен бастап, 24 сағаттың ішінде жүргізеді.

Прокурор бұзушылықтарды жоюды кідіріссіз қамтамасыз етеді, бірақ оларды анықтау сәтінен бастап, 3 тәулік мерзімнен кешіктірмеуі тиіс.

Егер қылмыстың жағдайлары туралы мәліметтер ЖТӘ жүргізуге байланысты құпия болып табылатын болса, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың заңдылығын тексеруді жүзеге асыруды уәкілетті прокурор жүргізеді

Барлық қылмыстық істер бойынша қадағалау өндірістері жүргізіледі, оларда міндетті түрде процессуалдық құжаттардың көшірмелері, соның ішінде сот актілері, сондай-ақ тергеудегі қылмыстық іспен байланысты өтініштер бойынша хаттар сақталады.

Бірнеше қылмыстық істер бір өндіріске біріктірілген жағдайда, қадағалау өндірістері де біріктіріледі

Қадағалау өндірісінің толықтығын қадағалаушы прокурор қамтамасыз етеді

Электрондық форматта қаралатын іс бойынша қадағалау өндірісін жүргізу талап етілмейді

Тергеу мен анықтау қызметінің заңдылығына прокурорлық қадағалау

Есепке алу-тіркеу тәртібінің жай-күйін тексеруді ҚСЖАЕК және оның аймақтық бөлімшелерінің прокурорлары мен қызметкерлері жүзеге асырады.

Есепке алу-тіркеу тәртібінің талаптарында анықталған бұзушылықтар бойынша қадағалаушы прокурорлар ҚПК 193-бабымен көзделген шараларды қабылдайды

Есепке алу-тіркеу тәртібінің талаптарында анықталған бұзушылықтар бойынша ҚСЖАЕК қызметкерлері келесі шараларды қабылдайды:

ҚҚБ туралы есепке алынбаған өтініштерді тексеру материалдарын қоса тіркеп, қадағалаушы прокурорға жолдайды;

есепке алынбаған ҚҚБ бойынша материалдарды, сондай-ақ ҚҚБ тіркеуге алмаған немесе жасырған, кінәлі тұлғалардың түсініктемелерін сотқа дейінгі тергеуді бастау туралы мәселені шешу үшін қадағалаушы прокурорға жолдайды;

прокурорлық қадағалау актілерін енгізеді.



Облыс прокурорының орынбасары немесе облыс прокуратурасының қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалау басқармасының бастығы екі немесе одан да көп адам өлтіру, сондай-ақ үлкен қоғамдық резонанс (дүмпу) туғызған қылмыстар бойынша оқиға орнына шығады.

ҚСЖАЕК ақпараттық жүйелерін қолданумен прокурорлар сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары ҚҚБ келтірілген нұқсанды өтеу, соның ішінде ҚПК 55-бабы 2 б. 5) тармақшасында көзделген тәртіпте тоқтатылған қылмыстық істер бойынша процессуалдық шығындарды өндіру бойынша қабылдайтын,

сондай-ақ үкімнің мүлікті ықтималды тәркілеу бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету бойынша шаралардың толықтығын тексереді

Прокурорлар адамды қылмыстық жауапқа тартудың заңдылығын, соның ішінде процессуалдық тұтқынға алу, күдіктінің мойындауы туралы қаулылар шығару, күдіктінің әрекетін саралау, бұлтартпау шараларын таңдау, процессуалдық шешімдерді қорытындылау, қылмыстық әрекет туралы хаттаманы бекіту, бұйрық өндірісін, айыптау актісін қолдану туралы қаулының заңдылығына уақтылы тексерулер жүргізуді қамтамасыз етеді

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының тергеу әрекеттерін санкциялау туралы өтінішті қозғау туралы қаулысының көшірмесін (соның ішінде электрондық форматта) алған кезде, оның заңдылығын тексеріп кідіріссіз ұйымдастырылады

Егер прокурордың Тергеу әрекеттерін санкциялау туралы өтінішті қозғау туралы қаулының заңдылығына қатысты күмәні бар болса, ҚПК 56-бабының 2 бөліміне сәйкес тергеу судьясына тиісті тұлғалар мен прокурордың қатысуымен сот отырысын өткізу туралы өтініш жолданады

Және заңсыз қаулылар бойынша олардың күшін жою туралы қаулы шығарылып тергеу органдарына және тергеу судьясына жіберіледі

ҚПК 128-бабында көзделген тәртіпте қамауға алу, сондай-ақ адамдарды УҰИ-ға, арнайы қабылдау орындарына кіргізудің, азаматтарды қызметтік кабинеттерде ұстаудың заңдылығына тексерулер күнделікті жүргізіледі

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының облыстық аппараттарының қызмет бөлмелерін тексеруді облыстық прокуратура органдары тексереді

Процесс прокуроры, ал ол болмаса қадағалаушы прокурор күдікті ретінде тану туралы қаулылары мен күдіктінің әрекеттерін саралаудың заңдылығын тексеруді

оларды шығарған сәттен немесе қаулының көшірмесі келіп түскен сәттен бастап тәулік ішінде жүзеге асырады.

«Күзетпен ұстау»,

«үйқамақ»

түріндегі бұлтартпау шараларын санкциялау туралы өтінішті қолдау немесе қолдаудан бас тарту туралы шешім сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы жинаған барлық материалдарды тексергеннен кейін қабылданады. Қажет жағдайда қосымша материалдар сұратылады.

Тергеуді кешіктіру себебінен сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін, «күзетпен ұстау», «үйқамақ» түріндегі бұлтартпау шараларының мерзімдерін ұзарту жағдайында,

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаға қатысты тәртіптік іс қозғалады және орындау үшін дұрыс мерзімдер белгілеумен нақты тергеу әрекеттерін жүргізу туралы жазбаша ұйғарым беріледі.

Қылмыстық істі (қудалауды) және тергеу мерзімдерін тоқтату туралы электрондық форматтағы шешімдердің заңдылығын тексеру олар шығарылған күннен бастап, 30 тәулік ішінде жүргізіледі

Тергеп-тексеруді қағаз форматта жүргізген кезде процессуалдық шешімдердің заңдылығын тексеру қылмыстық істің материалдарын алған сәттен бастап, тура сол мерзімде жүргізіледі

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы қабылдаған шешіммен келіспеу жағдайында прокуратура басшысы оны жою туралы қаулы шығарады

Шешімін жоғары тұрған прокуратура жойған қылмыстық іс бойынша жоғары тұрған прокуратураның ұйғарымдарын орындаудың толықтығы мен сапасын қадағалаушы прокурор қамтамасыз етеді.

Қосымша тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қабылданған процессуалдық шешім бойынша жою туралы қаулыға қол қойған жоғары тұрған прокурор оны қабылдаған сәттен бастап, тәулік ішінде хабардар етіледі.

Жазбаша ұйғарым нақты тергеу өткізу, соның ішінде жасырын, процессуалдық шешімді қабылдауға қажетті және жеткілікті, сондай-ақ іс бойынша анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған өзге де әрекеттерді жүзеге асыру туралы талапты қамтиды.

Прокурордың ұйғарымдарын орындауды бақылау мақсатында оларды орындаудың нақты мерзімдері белгіленеді.

9 Сотта мемлекеттің мүддесін білдіру

Сотта қылмыстық істі қарауда заңдылықты қадағалау	Сотта азаматтық істі қарауда заңдылықты қадағалау	Сотта әкімшілік істі қарауда заңдылықты қадағалау
		



Сотта қылмыстық істі қарауда заңдылықты қадағалау

Қылмыстық істерді сотта талқылағанда, прокурор мемлекеттік айыптаушы позициясын ұстанады. Бірінші сатыдағы сотта прокурор дәлелдемелер ұсынып және оны зерттеуге қатысады, сотқа айыптау мәні бойынша өзінің көзқарасын білдіреді, сонымен қатар соттық талқылау барысында пайда болған басқа да мәселелерге қылмыстық заңның қолданылуын және сотталушыға жаза тағайындау туралы өз ұсыныстарын айтады.

Қылмыстық іс бойынша сот шешімімен, үкімімен негізсіз немесе заңға сәйкессіздік себебімен келіспеген жағдайда прокурор жоғары тұрған сотқа істі қайта қарау және құқықтық актіге өзгеріс енгізу немесе күшін жою туралы апелляциялық наразылық білдіреді. Апелляциялық сатыда қылмыстық істі қарауды қарау барысында прокурор қылмыстық істі шағымдарда көрсетілген негіздерді, тараптар наразылығын есепке ала отырып тыңғылықты тексеруге міндетті.

Наразылық білдірудің негіздері болып:

- тергеудің біржақтылығы және толық еместігі;
- істің нақты жағдайларына сот үкіміндегі қортындылардың сәйкессіздігі;
- қылмыстық – процессуалдық заң нормаларының маңызды бұзылуы;
- қылмыстық заң нормаларының дұрыс қолданбауы;
- сотталушының жеке тұлғасына және қылмыстың ауырлығына сот тағайындаған жазаның сәйкессіздігі

Азаматтық сот өндірісіндегі прокурорлық қадағалаудың міндеттері:

- мемлекеттің және заңды тұлғалардың конституциялық және басқа заңмен қорғалатын құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету
- азаматтық сот өндірісінің негізгі бастамасы, әділдік қағидасының мүлтіксіз сақталуы.

Қадағалаудың мәні болып азаматтық сот өндірісі барысында орындалатын соттың шешімдері, қаулылары, және ұйғарымдары, сонымен қатар басқа процессуалдық әрекеттер болып табылады.

Азаматтық істер бойынша прокурор қадағалауы сотта келесі формаларда жүзеге асады:

- 1- Прокурормен талап арызды қолдауды ұсыну;
- 2- Бірінші сатыдағы соттардың азаматтық істерді қарауына қатысу және қортынды беруі;
- 3- Қадағалау және апелляциялық сатыдағы соттардың азаматтық істерді қарауына қатысу.

Азаматтық іс қарауда прокурор қатысуға міндетті:

- Заңмен көрсетілген жағдайда;
- Жоғарғы тұрған прокурормен және соттың, прокурордың іске қатысуы қажеті танылған жағдайда;
- Прокурордың талабымен қозғалған істерде;
- Соттық қорғауға мемлекеттің және өзінің дене және психологиялық кемістігінен өз құқығын және мүдделерін қорғай алмайтын тұлғалар ісі бойынша, сонымен қатар кәмелетке толмағандар мүдделері;
- Мемлекеттік басқару органдары және лауазымды тұлғалардың шешімдерін және әрекеттерін даулағанда;
- Басқа үй – жай бермей, үй жайдан азаматтарды шығару істері бойынша;
- Жұмысына қайта орналастыру істері бойынша;
- Азаматтардың денсаулығына және өміріне келтірілген зиянды өтеу істері жайлы.

Азаматтық істер бойынша соттарда мемлекет мүдделеріне өкілдік ету

Прокурорлар мына азаматтық істер бойынша процеске қатысады:

1) мемлекет мүдделерін қозғайтын істер бойынша;

2) қоғамдық мүдделерді немесе азаматтарды қорғау талап етілгенде;

3) сот қатысуын қажет деп танығанда; 4) прокурордың бастамасы бойынша қозғалған;

5) ата-ана құқығынан айыру; 6) сайлау құқықтарын қорғау туралы;

7) нормативтік құқықтық актінің заңдылығын даулау туралы;

8) кәмелетке толмағанды девиантты мінез-құлқы бар балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымына немесе ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына орналастыру туралы

Азаматтық сот ісін жүргізудің барлық сатыларында прокурорлар өз ұстанымдарын заңнаманың талаптарына, іс құжаттарына қатаң сәйкестікте белгілейді, оны дәйекті түрде қорғайды, заңдылық, азаматтар мен заңды тұлғалардың заң мен сот алдындағы теңдігі, тараптардың жарыспалылығы мен құқықтық теңдігі қағидаларын басшылыққа алады.

прокурорлар мемлекеттік заңды тұлғалардың істі дұрыс шешу үшін қажетті дәлелдемелерді уақтылы ұсынуды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылдайды.

Прокурорлар азаматтық процесте мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың мүдделерін олардың өкілдерімен тиісінше өкілдік ету фактілеріне ықпал етіп, соңғыларды және қажет болған кезде – бірінші басшыларды жауаптылыққа тартуға бастама жасайды.

Азаматтық істердің материалдары бойынша мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары, жеке және заңды тұлғалар тарапынан заңдылықты бұзу анықталған жағдайда прокурор сот алдында жеке ұйғарым шығару туралы өтініш жасайды және/немесе бұл жөнінде жоғары тұрған прокурордың назарына жазбаша түрде баянатпен немесе электронды құжат түрінде дереу жеткізеді, соңғы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) баянатты Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркеу туралы; 2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау туралы; 3) тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы;

4) талап қоюды ұсыну туралы; 5) кінәлі адамдарды заңда белгіленген жауаптылыққа тарту және бұзушылықтарды жою мақсатында Заңның 5-тарауында көзделген прокурорлық қадағалау және ықпал етудің өзге де актілерін енгізу туралы.

Сотта әкімшілік істі қарауда заңдылықты қадағалау

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының талаптары мен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің тиісті баптарының талаптарына сай, прокурорлар әкімшілік іс жүргізу заңдылығын қамтамасыз ету жөнінде мына өкілеттіктерді іске асырады:

- уәкілді лауазымды адамдар мен органдардан әкімшілік құқық бұзушылық туралы мәліметтерді, құжаттар мен істерді талап етуге;
- құзыретіне әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау мен жаза қолдану кіретін лауазымды адамдар мен органдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне берілген шағымдарды қарауға;
- азаматтарды әкімшілік ұстау мен қамаудың заңдылығын, сондай ақ әкімшілік құқық бұзушылыққа ықпал етудің өзге де шараларының негізділігін тексеруге;

- әкімшілік құқық бұзушылық істерді қарауға қатысуға, өтініштер жасауға, істі қарау кезінде туындаған мәселелер бойынша қорытындылар беруге;
- әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың орындалуын тексеруге;
- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңды мүдделерін бұзуға жол берген лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолдануға;
- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөнінде іс жүргізуді қозғауға;
- заңда көзделген басқа да іс-әрекеттерді жасауға хақылы.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің, олар бойынша алынған актілердің заңдылығына қадағалау жасау кезінде анықталған заң бұзушылықтарды жою мақсатында прокурор:

- сотқа, өзге өкілетті органға немесе лауазымды адамға әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыға наразылық енгізуге;
- уәкілді лауазымды адамдар мен органдарға (соттан басқа) іске қосымша тексеру жүргізу туралы жазбаша нұсқаулар беруге;
- уәкілді органдардан өздерінің бақылауындағы немесе қарауындағы ұйымдарға тексеру жүргізуді талап етуге;

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулының орындалуын тоқтата тұруға;
- әкімшілік жолмен заңсыз ұсталған адамды босату туралы қаулы шығаруға;
- жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда өз міндеттерін орындауға байланысты өкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары қолданған тыйым салу немесе шектеу сипатындағы кез келген шараларды алып тастау туралы қаулы шығаруға немесе талап қоюға;
- әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау жөнінде қаулы шығаруға хақылы.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот актілеріне апелляциялық өтінішхаттарды Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасары, облыс прокуроры, аудан прокуроры, олардың орынбасарлары, сондай-ақ бірінші сатыдағы сотта істі қарауға қатысқан прокурор келтіреді.

Апелляциялық өтінішхат ӘҚБтК-нің 840-бабында көзделген сот қаулысының күшін жоюға немесе өзгертуге негіз болған жағдайда ғана келтіріледі.

Прокурорлар мынадай әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша соттарға қатысуы міндетті:

- 1) кәмелетке толмағандарға қатысты;
- 2) қамауға алуға әкеп соғатын;
- 3) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығаруды әкеп соғатын;
- 4) ол өзі қозғағанда;
- 5) жазбаша тапсырмасы бойынша оның қатысуы қажет деп жоғары тұрған прокурор танығанда істерге қатысады.

Сонымен қатар, ӘҚБтК-нің 759-бабына сәйкес прокурорлар сотта өзге де істер бойынша қатысады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің материалдары бойынша мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары, жеке және заңды тұлғалар тарапынан заңдылықты бұзуы анықталған жағдайда прокурор сот алдында жеке ұйғарым шығару туралы өтініш жасайды және/немесе бұл жөнінде жоғары тұрған прокурордың назарына жазбаша түрде баянатпен немесе электронды құжат түрінде дереу жеткізеді, ол мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) баянатты Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркеу туралы;
- 2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау туралы;
- 3) тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы;
- 4) талап арызды сотқа ұсыну туралы;
- 5) кінәлі адамдардың заңда белгіленген жауаптылыққа тарту және бұзушылықтарды жою мақсатында Заңның 5-тарауында көзделген прокурорлық қадағалау және ден қоюдың өзге де актілерін енгізу туралы.

10 Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын прокурорлық

Сот орындаушысы – атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды қабылдау бойынша өздеріне заңмен жүктелген функцияларды орындайтын және осы Заңда көзделген алып қоюлар үшін тең құқықтары мен міндеттері бар мемлекеттік сот орындаушысы және жеке сот орындаушысы;



Мемлекеттік сот орындаушысы – мемлекеттік қызметтегі және атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды қабылдау бойынша өзіне заңмен жүктелген функцияларды орындайтын лауазымды адам



Жеке сот орындаушысы – атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына уәкілетті орган берген лицензия (бұдан әрі – жеке сот орындаушысының лицензиясы) негізінде, заңды тұлға құрмай атқарушылық құжаттарды орындау бойынша жеке практикамен айналысатын Қазақстан Республикасының азаматы

**Сот
орындаушыла
рының ішкі
істер
органдарымен
өзара іс-
қимылы**

Ішкі істер
органдары
өздеріне заңмен
берілген
өкілеттіктер
шегінде
атқарушылық іс
жүргізу
барысында сот
орындаушысын
ың өміріне
немесе
денсаулығына
қатер төнген
жағдайда сот
орындаушылар
ына жәрдем
көрсетеді,

сондай-ақ
атқарушылық
іс-әрекеттер
жасалатын
орындарда
құқықтық
тәртіпті
қамтамасыз
етуге,

борышкерді
мәжбүрлеп
әкелуді жүзеге
асыруға
тартылады.

Атқарушылық іс жүргізудегі прокурор

- Прокуратура мемлекет атынан атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады, кез келген заң бұзушылықты анықтау мен жою жөнінде шаралар қабылдайды.

- Прокурор атқарушылық іс жүргізуді, оның ішінде атқарушылық іс жүргізу тараптарының шағымдары мен арыздары бойынша атқарушылық іс жүргізуді өз өкілеттіктері шегінде үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімге талап етіп алдыруға және тексеруге құқылы.

-Прокурор атқарушылық құжатты беру туралы қаулы шығарады.

- Прокурор, егер сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізу жөніндегі әрекеттері (әрекетсіздігі):

1) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіруі;

2) мемлекеттік органдардың, халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін мекемелер мен кәсіпорындардың жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін болса, атқарушылық құжатты сот орындаушысының іс жүргізуінен алып қоюға және оны "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңға сәйкес басқа сот орындаушысына беру үшін аумағы бойынша тиісті әділет органына не жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына беруге құқылы.

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңының 25-бабының 4-тармағында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша

жеке сот орындаушысының өндірісінен атқарушылық парақтарын алған кезде және оны орындау үшін мемлекеттік сот орындаушысына берген кезде прокурор қаулы шығарады. Қаулы көшірмесі 3 жұмыс күні ішінде жоғары тұрған прокурорға жолданады.

Прокурорлар мүліктік өндіріп алу және мүлікті мемлекет меншігіне алу бөлігіндегі (қылмыстық айыппұлдар мен тәркілеуді қоспағанда)

қылмыстық істер, азаматтық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша

атқарушылық іс жүргізу заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады.

Қадағалау мемлекет мүдделерін қозғайтын, еңбекақыны өндіру, алименттерді өндіру туралы және прокурорлардың талап қоюлары бойынша атқарушылық құжаттарды талдау және тексеру жолымен қамтамасыз етіледі.

Прокурорлар сот орындаушыларының, әділет органдарының, республикалық және өңірлік жеке сот орындаушылары палаталарының қызметіндегі атқарушылық іс жүргізу заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады.

Прокуратура Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстеріне, «Прокуратура туралы» және «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы» Заңдары мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жазаларды орындау, арнайы мекемелерде адамдарды ұстау және бас бостандығынан айыру орындарынан босағандарға бақылау жүргізу кезінде заңдылықтың сақталуына қадағалауды жүзеге асырады

Аумақтық прокурорлар азаматтардың, оларға қатысты қамаққа алу түріндегі әкімшілік жазаны орындау кезінде, оның ішінде мамандандырылған мекемелерде қамақты өтеу кезінде құқықтарының сақталуына тексеріс жүргізеді.

Мамандандырылған мекемелерге барып тексеру кезеңділігі сот қаулыларын және басқа да материалдарды талдаудан шыға отырып анықталады.

Әкімшілік қамаққа алуға тартылған адамнан өтініш келіп түскен кезде не болмаса оның құқығы бұзылғаны жөнінде жеткілікті мәліметтер болған кезде тексеріс кідірмей жүргізіледі.

Тексеріс жүргізу туралы
қаулыны

Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасары, Бас
Прокуратураның дербес құрылымдық
бөлімшесінің басшысы,

облыс прокуроры, облыс прокурорының
орынбасары,

аудан прокуроры және оған теңестірілген прокурорлар (бұдан
әрі – аудан прокуроры), сондай-ақ оларды алмастыратын
тұлғалар шығарады.

Атқарушылық іс жүргізу, әкімшілік құқық бұзушылық
туралы заңнама шеңберінде жүргізілетін тексерістен
басқа,

тексерісті тағайындау туралы қаулы, тексеріс басталғанға дейін
құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті
мемлекеттік органда тіркеледі, онда оның тіркеу нөмірі мен күні
көрсетіледі.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органында
тіркелген тексеріс жүргізу туралы қаулылар объектіге
келген кезде танысу үшін тексерілетін субъектіге беріледі.

Тексерілетін субъект басшысының (өкілдің) қаулымен
танысу немесе танысудан бас тару жөнінде мәліметтер
оны беру кезінде көрсетіледі.

Қолданылған дереккөздер тізімі:

- 1 Сейтқазықызы, М. Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау: оқулық / М. Сейтқазықызы.- Алматы: Дәуір, 2012.- 255 б.
- 2 Журсимбаев С.К. Прокурорский надзор в Республике Казахстан: Учебник. - Алматы: Издательство «NURPRESS», 2010. - 356с. –
- 3 Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 60 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 мамырда № 16894 болып тіркелген/<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016894>.
- 4 Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрықтары /<http://prokuror.gov.kz/kaz/taxonomy/term/565>
- 5 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2011.02.02. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=
- 6 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, 2014 жылғы 4 шілде № 231-V ҚРЗ// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
- 7 Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексі (2015.24.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51013921
- 8 Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодексі (2015.06.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)// http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31576558
- 9 Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (2015.02.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) http://online.zakon.kz/Document/?doc_i
- 10 Қазақстан Республикасының Прокуратура туралы Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 155-VII ҚРЗ.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000081>
- 11 Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы алқасының жұмыс регламенті Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы «21» желтоқсандағы № 224 бұйрығы
- 12 ҚР Бас Прокурорының 2020 жылғы «22» қаңтар № 17 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Ішкі тергеп-тексеру департаменті туралы Ереже
- 13 ҚР Бас Прокурорының 2023 жылғы 28 ақпандағы №68 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Қылмыстық қудалау қызметі туралы Ереже
- 14 Бас әскери прокуратура, Бас көлік прокуратурасы, облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар туралы ереже ҚР Прокурорының 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 37 бұйрығы
- 15 «Прокуратура туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы ҚР-ның Конституциялық заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі. ҚР Премьер-Министрінің 30 желтоқсан 2022